

Шетелде тұратын отандастарды қолдау жөніндегі іс-шаралардың 2008 жылға арналған жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 18 қаңтардағы N 30 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Шетелде тұратын отандастарды қолдау жөніндегі іс-шаралардың 2008 жылға арналған жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Орталық атқарушы органдар, өзге де мемлекеттік органдар мен ұйымдар (келісім бойынша) Жоспарда көзделген іс-шаралардың іске асырылуын қамтамасыз етсін және Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігіне 15 маусымнан және 15 желтоқсаннан кешіктірмей Жоспар іс-шараларының орындалуы туралы ақпаратты ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі жыл бойы, 25 маусымнан және 25 желтоқсаннан кешіктірмей, Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспар іс-шараларының орындалуы туралы жиынтық ақпарат ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 8

ж ы л ғ ы

1 8

қ а ң т а р д а ғ ы

N 3 0

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Шетелде тұратын отандастарды қолдау жөніндегі іс-шаралардың 2008 жылға арналған жоспары

Р/с №№	Іс-шаралар	Аяқталу нысаны	Орында- луына жауап- тылар	Орындалу мерзімі	Болжамды шығыстар, мың теңге	Қаржы- ла н - ды ру көзі
1	2	3	4	5	6	7
1.	Шетелде тұратын отандастарды қолдаудың 2009-2013 жылдарға арналған мемле-	Қазақстан Республи- ка с ы	М А М, С І М, Б Ф М, Э Б Ж М, Еңбекми- ні, И С М, Ә ді л е т - м и н і,	2008 жыл- ғ ы І V тоқсан	Т а л а п етілмейді	-

	кеттік бағдарламасын әзірлеу	Президентінің Жарлығы	ДҚК (келісім бойынша)			
2.	"Қазақ диаспорасының зияткерлік әлеуеті" деген әлеуметтік зерттеулер жүргізу: ТМД елдері; Орта Азия елдері	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	М А М, С І М, БҒМ, ДҚК (келісім бойынша)	2008 жылғы 20 желтоқсан	2710	Республикалық бюджет
3.	Мемлекеттік органдардың Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы мен өзара іс-қимыл стратегиясын әзірлеу туралы ұсыныс енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	М А М	2008 жылғы I жарты жылдық	Талап етілмейді	-
4.	Шетелде тұратын отандастардың істері жөніндегі комиссияның жұмысын қамтамасыз ету	Бұйрық	М А М, ДҚК (келісім бойынша)	2008 жыл, жыл бойы	820	Республикалық бюджет
5.	"Туған тіл" атты мамандандырылған альманағын шығаруды ұйымдастыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	М А М, ДҚК (келісім бойынша)	2008 жыл, жылына екі рет	3371	Республикалық бюджет
6.	Қазақ диаспорасы үшін қазақ тілін қарқынды үйрету жөніндегі сөздік-терді, оқулықтарды, оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеу және шығару	Бұйрық	М А М, БҒМ, ДҚК (келісім бойынша)	2008 жыл, жыл бойы	3990	Республикалық бюджет
7.	Шетелде тұратын отандастардың халық шығармашылығы фестивалін өткізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	М А М, С І М, ДҚК (келісім бойынша)	2008 жылғы 20 желтоқсан	6643	Республикалық бюджет
8.	Қазақ диаспорасы өкілдерінің қатысуымен халықаралық ақындар мүшәйрасын өткізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	М А М, С І М, ДҚК (келісім бойынша)	2008 жылғы 20 желтоқсан	4081	Республикалық бюджет
	"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Рес-					

9.	публикасы Заңының талаптарына сәйкес "Caspio-net" спутниктік арнасының хабар таратуын қамтамасыз ету (жақын шетел аумағында, отандастар тығыз орналасқан жерлерде отандық түрлі жанрлы телерадиобағдарламаларын, фильмдерді және өзге де өнімді трансляциялау)	Бұйрық	МАМ	2008 жылғы I жарты жылдық	372893	Республикалық бюджет
10.	Қазақ диаспорасы өкілдеріне жоғары оқу орындарына және олардың даярлық бөлімдеріне түсу үшін квота бөлу	МАМ-ға ақпарат	БҒМ, СІМ	2008 жылғы 15 маусым, 15 желтоқсан	132257	Республикалық бюджет
11.	Жақын және алыс шетелдердегі қазақ мектептерін оқулықтармен, оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету	МАМ-ға ақпарат	БҒМ, СІМ	2008 жылғы 15 маусым, 15 желтоқсан	9123	Республикалық бюджет
12.	Қазақ диаспорасының мәселелері бойынша Қазақстан мен шет елдерде республикалық(өңірлік) конференциялар, семинарлар, кеңестер, "дөңгелек үстелдер" өткізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	МАМ, СІМ, Еңбекмині, БҒМ, ДҚҚ (келісім бойынша)	2008 жыл, жыл бойы	6596	Республикалық бюджет
	ЖИЫНЫ:				542484	

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы

- МАМ - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
- СІМ - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі
- БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
- ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және

бюджеттік жоспарлау министрлігі
ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және
сауда министрлігі
Еңбекмині - Қазақстан Республикасы Еңбек және
халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
ДҚҚ - Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы
Әділетмині - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
ВАК - Ведомствоаралық комиссия

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК